

Түркістан облысының Білім басқармасы
«С.Торайғыров атындағы №30 жалпы білім беретін мектебі» КММ
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы

Ырысты ауылы

« 08 » қаңтар 2024 жыл

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2023 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №1835 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2024 жылдың 08.01- 8.02.2024 ж. аралығында Түркістан облысының Білім басқармасы «С.Торайғыров атындағы № 30 жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалау жүргізді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшем шарттары), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №818 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2023 жылдың қараша айының 06-30 күндері аралығында Түркістан облысының білім басқармасының Мақтаарал аудандың білім бөлімінің

Мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалауды мектептің 2024 жылғы «8» қаңтардағы № 136 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізді:

Комиссия төрағасы: Н.Алмағанбетов мектеп директоры

Комиссия мүшелері:

- 1) ДООЖО А.Тилеуова - комиссия орынбасары
- 2) ДТІЖО А.Булекбаева - комиссия мүшесі
- 3) Әлеуметтік педагог Қ.Қалдыбеков - комиссия мүшесі
- 4) Бастауыш кәсіподақ ұйымы төрайымы Г.Жанқожаева - комиссия мүшесі
- 5) О.Жиренбаев ДШЖО - комиссия мүшесі
- 6) ӘБ жетекшісі Б.Самалдикова - комиссия мүшесі

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша

өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облыстық білім басқармасы Мақтаарал аудандының білім бөлімі «С.Торайғыров атындағы №30 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді, атап айтқанда өткен екі оқу жылы (2021-2022, 2022-2023) және ағымдағы оқу жылының (2023 -2024) мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын (бұдан әрі – Бағаланатын кезең).

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер.	
1)	білім беру ұйымының толық атауы. Түркістан облысының білім басқармасының Мақтаарал аудандының білім бөлімі «С.Торайғыров атындағы №30 жалпы білім беретін мектебі»» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мектеп).
2)	білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы). 052515 Қазақстан Республикасы Түркістан облысы Мақтаарал ауданы Ж.Нұрлыбаев а\ә Ырысты ауылы Алғабас көшесі-80
3)	заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт). электронды поштасы toraygirov.jom@mail.ru , веб-сайт http:// toraigyrov-maktaaral.mektebi.kz .
4)	заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрық). Алмағанбетов Нұржан Бахытович , Мақтаарал ауданының білім бөлімінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы № 01-к бұйрығымен «С.Торайғыров атындағы №30 жалпы білім беретін мектебі»» директоры болып тағайындалған. Тел. 87785345154
5)	құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі). Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Түркістан облысының Әділет департаментінің 25.09.2023 жылы берілген, БСН 001240003806

6)	рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). 09.11.2023 жылғы № KZ 62LAA00035654 білім беру қызметіне Лицензия және оған қосымша 19.11.2023 жылғы № KZ62LAA00035654 мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама Ол «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтермен расталады.
----	--

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

Мектебіміз жарты ғасырлық тарихы бар білім мекемесі. Мектеп іргетасы 1948 жылы қаланған, Мектеп 2017 жылы типтік жүйеде салынған 200 орындық жаңа ғимаратқа көшірілді. 1972 жылы негізгі мектеп болып ашылды. 2000 жылдан бастап №108 «С.Торайғыров» жалпы орта мектебі болып аталды. 2018 жылдан бастап мектептің аты өзгертіліп №30 ««С.Торайғыров атындағы жалпы орта мектеб»і болып болып аталды. 2023 жылдың 21 қыркүйек айынан бастап «С.Торайғыров атындағы №30 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

Мектепте 2023-2024 оқу жылының басында жалпы 36 педагог, 34 жоғары білімді, 2 арнаулы орта білімді педагог білім алушыларға білім береді. Оның ішінде педагог-шебер - 4, педагог-зерттеуші - 7, педагог-сарапшы - 6, педагог-модератор – 5, санатсыз - 12 педагог. 1 даярлық тобының тәрбиешісі, 1 кітапханашы, 1 кәсіптік бағдар беруші, 1 дефектолог, 3 ҚББП-гы, 1 тәлімгер, 1 іс-жүргізуші, 1 хатшы, 5 ставкада зертханашылар, 1 мейірбике жұмыс жасайды. 3 жылдағы сынып - комплект саны.

Мектепте бір информатика кабинеті бар. Химия, физика кабинеттері арнайы компьютерлендірілген интербелсенді тақтамен жабдықталған. Одан басқа қазақ тілі, математика , бастауыш сынып, кабинеттері интербелсенді тақтамен жабдықталған.

3 жылдағы сынып-комплект саны.

Оқу жылы	Бастауыш сынып	Негізгі орта	Жалпы орта	Барлығы
2021-2022	8 сынып	10-сынып	4 -сынып	16
	1 сынып- 1	5 сынып- 2	10 сынып- 1	
	2 сынып- 2	6 сынып- 1	11 сынып -1	
	3 сынып- 1	7 сынып- 2		
	4 сынып- 2	8 сынып- 1		
		9 сынып- 2		
2022-2023	8 сынып	10-сынып	4 -сынып	15
	1 сынып- 1	5 сынып- 2	10 сынып- 1	
	2 сынып- 1	6 сынып- 2	11 сынып -1	
	3 сынып- 2	7 сынып- 1		

	4 сынып- 1	8 сынып- 2		
		9 сынып- 1		
2023 -2024	8 сынып	10-сынып	4 -сынып	14
	1 –сынып - 1	5 -сынып- 1	10 сынып- 1	
	2 -сынып- 1	6- сынып- 2	11 сынып -1	
	3 -сынып- 1	7 -сынып- 2		
	4 -сынып- 2	8 -сынып- 1		
		9 -сынып- 1		

«С.Торайғыров атындағы №30 жалпы білім беретін мектеп» КММ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, типтік және жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары жинақталған. Оқу-тәрбиелік үдерісінің әдістемелік қамтамасыз етілуінің жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны оқушының максималды сабақ жүктемесінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес келеді. Мұғалімдердің оқу жүктемесі мамандығына сәйкес берілген, сабақ жүктемесі мұғалімдердің біліктілігіне сәйкес келеді. Сабақ кестесі кезеңдер бойынша талапқа сай құрылған. Мектеп мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірледі және мектеп директоры бекітті. Жұмыстық оқу жоспарындағы көрсетілген сағат жүктемелері мұғалімдердің мамандықтарына сәйкес бекітіліп, тарификацияланды.

I - параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

Материалдарға сілтеме:

1. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;

Бағаланатын кезеңде әзірленген және білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері қоса беріледі;

1) Кадрлық құрамға талдау

- 1.2023-2024 оқу жылы Мусакулова Манат Куандыковна –бітірген оқу орны Жұмабек Ахметұлы Тәшенов мемлекеттік университеті, 2008 жыл. Диплом №0005838. Тіркеу № 804 Еңбек өтілі 23 жыл.

- 2021-2022 оқу жылында "Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу" мамандығы бар жоғары білімді 1 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырды.

Диплом бойынша «Бастауыш сынып оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» маманы. Педагог Мусакулова Манат санаты педагог-модератор, пед.стаж-23 жыл «Баланың ерте дамыту бағдарлары» бойынша білім жетілдіру курсын аяқтаған.

2) Тәрбиеленушілер контингенті

- Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер жоқ, интернет ресурс тарына жарияланды.

- Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымша контингент құрылымы интернет ресурстарына жарияланды.

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Сыныптар /жиынтықсыны птар	2021-2022		2022-2023		2023-2024	
	I жарты жылдық	II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық
0 сыныптар/ 1-11	21	21	11	11	12	12

Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

- "Денсаулық", "Коммуникация", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын оларды әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыру арқылы интеграциялау жолымен іске асыру.

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етеді.

Педагогтар ұқсас тақырыптарды таңдау барысында аймақтық ерекшеліктерді балалардың жастарын, педагогтың тақырыптық бағытын ескере отырып шығармашылық күзінеттілік танытады. Балалардың өзбетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (дамытушы, сюжеттік рөлдік, қимылды жәнет.б.) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарлайды.

- Педагогтарды дамыту үшін ұйымдастырылған оқу қызметінде саралау әдістері, бақылау түрлері, кері байланыс, рефлексия орнату үшін, ашық жабық сұрақтар, ойын түрлерінің әдіс-тәсілдері тиімді болады және оны жүзеге асыру мақсатында бір аптаға жоспарланған циклограмманы басшылыққа аламыз.

Тәжірибенің ұтымды жақтары ең басты баланы танып дамытуға, алдына нақты мақсат қойып, ойын түрлерін қолданғандағына жүзеге асырылады.

- Мектепдейінгі тәрбие мен оқытудың МЖБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылдауға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.
- «Денсаулық сақтау дағдылары» бойынша
- Гигиеналық талаптарды орнындайалады. Дене шынықтыру барысында негізгі қимыл әрекеттерді өздігінен орындау, дербес қимыл белсенділігі жоғары тәрбиеленушілердің саны басым болып топтық жұмыстарда белсенділік танытады. Салауатты өмірсалтын ұстану барысында негізгі қауіпсіздік қағидаттарын саналы түрде орындайды. Күнтәртібін сақтайды.
- Коммуникативтік-тілдік дағдыларбойынша
- Тәрбиеленушілер қоғамдық ортада тәртіп ережелерін сақтап, сөйлесу барысында қарым- қатынас жасайалады, сыни тұрғыда өзпікірлерін жеткізетін және сөйлеу мәдениетін сақтап, сөздік қорларындағы сөздерді синонимдік, антонимдік алмастыруларды қолданады. Граматикалық дұрыс сөйлеуге талпынады. Басым көпшілігі дұрыс мәдени сөйлейалады. Оқиғаларды құрастыру, кейіпкерлердің бейнелеу және олардың жағымды жағымсыз әрекеттері туралы өз ойларын жеткізуі, ұйқас құрастыру мен кітаптарға қызығушылықтары, кейбір тәрбиеленушілерде кітапты оқиалатын дағдылары қалыптасқан. Сызу, сызба жолмен жазу, әріптерді жазу үлгісін меңгерген.
- Танымдық дағдылар
- Тәрбиеленушілердің заттың қасиеттерін бағдарлау барысында танып, түсінеді. Заттарды айырып қолданысын біледі. Қоршаған ортаны тану барысында олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын, қажеттілігін, олардың мәніне қарай топтастыру, құрастыру барысында түрлі суреттер мен құрастыру жұмыстарын меңгерген, танымдық қызығушылықтары жоғары.қарапайым граматикалық фигураларды атайалады, сызу, сурет теу олардың басқа , кері және алғасанауды меңгерген. Экологиялық мәдениеті түсіну барысында өсімдіктерге күтім жасау және табиғат бұрыштарына көіек беру мен күтуді игерген. Қарапайым заттарға эксперимент жасауды біледі. Алынға жаңа ақпараттар мен бөлісе алады.
- Шығармашылық дағдылар
- Халықтық аспаптарға қызығушылықтары бар, билеу мен ән орындауға талпынатын, орындайалады, бейненің сипатын келтіре алатын, кейіпкерлерді ойнауда ұнататын, сәндік пен әсемдікке қызығатын оларды жасау мен жинақылық, тазалықты мән береді.
- Әлеуметтік дағдылар
- Қажетті жағдайда көмек сұрау, қол ұзын созып көмек бергенге алғыс айтуды біледі. Ересектер мен құрдастары қатар еңбекетуге, ортақ мақсатта жұмыс жасап, нәтижесін талдауға бейімделген. Отанын сүйіп құрметтеу, туғанжерін қадірлеу ді біледі.
- Өзін-өзі бағалау барысында МАДС білім алушыларының ата-аналары арасында "мектепалдыжастағы (бес жастан бастап) балалардың ата-аналарына арналған сауалнама" № 6 қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне сауалнама жүргізілді.
- Ата-аналардың сауалнамасын талдау барысында балалардың денсаулық сақтау, танымдық, коммуникативтік-тілдік, шығармашылық және әлеуметтік

дағдылары толық қалыптасқанын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 58% - ы осы бекітумен "Толығымен келіседі" және "келіседі".

- Соныменқатар ата-аналардың 35% пікірінше, оларды балаларының жаңа ақпаратты кімге қызықты болатынын түсінуде және ұсынуда проблемалары бар. Диалогты қарым-қатынастың дамуының төмен деңгейі баланың когнитивтік мәселені шешуге тырысуымен сипатталады, ал ол әріптеске назар аудармайды, үнсіз әрекеттеседі, кейде өзіс-әрекеттеріне түсініктеме береді, кейде серіктестің мәлімдемелеріне жауап береді және оны мен жанжалды қатынастарға түсе алады.

- Осыған байланысты педагогикалық ұжымның жұмысы келесі бағыттарға бағытталады:

- Балалардың коммуникативтік дағдыларының деңгейін арттыру бойынша ата-аналар дәрісханасы; Коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру негіздері бойынша ата-аналар арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстары.

Оқу әдістемелік жұмыс

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;

- 2021-2022 оқу жылдарында оқу апталық жүктемесінің көлемі ҰОЖ – 20 сағатқа сәйкес құрады, оның ішінде инвариантты компонент бойынша 17 сағат, вариативті компонент 3 сағат. Бір сынып жинақтардағы апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 20 сағатты құрады, оның ішінде 17 сағат инвариантты компонент, вариативті компонент 3 сағат. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минутты құрады.

- 2022-2023 оқу жылдарында апталық оқу жүктемесінің көлемі ҰОЖ-20 сағат, оның ішінде инвариантты компонент 20 сағат. Бір сынып жинақтардағы апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 20 сағатты құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минутты құрады.

- 2023-2024 оқу жылында апталық оқу жүктемесінің көлемі ҰОЖ-20 сағат, оның ішінде инвариантты компонент 20 сағат. Бір сынып жинақтардағы апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі 20 сағатты құрады. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минутты құрады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (вариативті, жеке бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;

Оқу жылдары	Сыныптар / жиынтық сыныптар	Мектеп алды даярлық сыныптары			
		Апталық оқу жүктемесінің көп көлемі көп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі	Жылдық Оқу жүктемесі барлығы/ инвариантты // вариативті
2021-2022	0 сыныптар/1	20	17	3	561/99

2022-2023	0 сыныптар/1	20	20	-	700
2023-2024	0 сыныптар/1	20	20	-	700

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің еңжоғары көлеміне қойылатын талаптар: Тәрбиеленушілердің МДО ҮОЖ-да белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне сәйкестігі және қойылатын талаптарды сақтау;

- МАДС-тағы тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің еңжоғары көлемі ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес мектепкедейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес белгіленген.

3) Оқу материалдық активтер

- Мектепкедейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

- Мектептегі МАД сыныптардың оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өзденгейінде жүргізіледі. Жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдар қоса беріледі. –Ғимарат туралы мәліметтер интернет ресурстарына салынды

- Жиһаз және жабдықтармен қамтылуы туралы ақпарат, әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымша интернет ресурстарына жарияланды.

-

4) Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

- оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер, әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымша интернет ресурстарына жарияланды.

5) Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

- Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелері интернет ресурстарына салынды.

- Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелері интернет ресурстарына салынды.

- 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері болмады.

6) Білім беру процессіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

- Өзін-өзі бағалау барысында МАДС білім алушыларының ата-аналары арасында "мектепалды жастағы (бес жастан бастап) балалардың ата-аналарына арналған сауалнама" № 6 қосымшаға сәйкес білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне сауалнама жүргізілді.

- Ата-аналардың сауалнамасын талдау барысында балалардың денсаулық сақтау, танымдық, коммуникативтік-тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдылары толық қалыптасқанын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 52% - ы осы бекітумен

"Толығы мен келіседі" және "келіседі".

- Сонымен қатар ата-аналардың 40% пікірінше, оларды балаларының жаңа ақпаратты кімге қызықты болатынын түсінуде және ұсынуда проблемалары бар. Диалогты қарым-қатынастың дамуының төмендеуі баланың когнитивтік мәселені шешуге тырысуы мен сипатталады, ал ол әріптеске назар аудармайды, үнсіз әрекет етеді, кейде өз іс-әрекеттеріне түсініктеме береді, кейде серіктестің мәлімдемелеріне жауап береді және оны мен жанжалды қатынастарға түсе алады.

-

3. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

3.1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2021-2022 оқу жылы 21 бала қабылданды, 5 жас – 17 бала, 6 жас – 4 бала.

2022-2023 оқу жылы 11 бала қабылданды, 5 жас – 11 бала

2023-2024 оқу жылы 12 бала қабылданды, 5 жас - 11 бала, 6 жас - 1 бала

Барлық балалар МАД сыныбына жіберілген кезде медициналық тексеру комиссиясының ұсынысы бойынша қабылданды. Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы 9-қосымшаға сәйкес жас топтарының көшірмелері қоса беріледі. Өлшем шарттың 9 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша МАД сыныптар тізімдері жасалып, көшірмесі қоса беріледі.

Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

І. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшем шарттар

1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – УОЖ) сәйкестігі;

Жыл сайын мектепте педагогикалық ұжым қызметінің басым бағыттарын, мектептің әдістемелік мәселесін, тақырыбын, мектептің ағымдағы оқу жылына арналған міндеттерін шешу мақсатында оқу жылына жалпы жұмыс жоспарын жасайды. **веб-сайт:** <http://toraigyrov-maktaaral.mektebi.kz/o-detskom-sade/administraciya/>

Оқу жылында мектептің жұмыс жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға сәйкес оқу жылының басында соңғы 3 жылдағы бастапқы көрсеткіштермен толықтырылды.

Жоспарлар білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіруге бағытталған мектептің педагогикалық ұжымының жұмысын көрсетеді және оқушының мінез-құлқы мен іс-әрекетін ынталандыруға бағытталады. Білім беру мазмұнының негізгі құндылықтары ретінде мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкес келетін Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, сыйластық, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім берумен айқындалған.

Мектеп ұжымы оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, олардың дамуына қолайлы жағдай жасауға, оқушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім сапасының болуын

қамтамасыз етуге негізделген.

2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптар толық жаңартылған білім мазмұны оқу жүктемесі бойынша білім алды. Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде оқу-тәрбие процесін жүргізуде басшылыққа алынған нормативтік құжаттар:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚРБҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (өзгерістер мен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық);

1) *мектепалды даярлық сыныптары/топтарында және 1-4- сыныптарда білім беру процесі:*

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру деңгейінің стандарты, 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулармен енгізілген);

-ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулармен енгізілген);

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

2021-2022 оқу жылының II жарты жылдығында 1-сыныпқа «Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1 сағат апталық жүктеме көлемінде енгізіледі. (жыл бойына 0,5 сағат)

«ҚРБҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығының 14-тармағында бастауыш сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің атауы «Цифрлық сауаттылық» болып өзгертілген. Пән мазмұнымен оқу жүктемесі өзгертілген жоқ.

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген №496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2 қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді).

2) *5-11-сыныптарда білім беру процесі:*

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182 өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырдағы №205 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты негізге алынды. 2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығына сәйкес педагогикалық кеңестің шешімімен жалпы орта білім берудің негізгі үлгілік оқу жоспарлары таңдалып, 1- 11 сыныптар толық жаңартылған білім мазмұнында және оқыту тілдеріне сәйкес білім алады.

Жаңа 2022-2023 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде оқу-тәрбие процесін жүргізуде басшылыққа алынған нормативтік құжаттар:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы); ҚР Білім және ғылым министрінің 26.01.2022 № 25 бұйрығы және өзгерістерімен ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 № 365 бұйрықтары.

–«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығы, 2022 жылғы 16 қазандағы №399 бұйрығы);

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 291 бұйрығы

1) *мектепалды даярлық топтарында:*

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

- «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; (2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.01.2022 № 25 бұйрығы);

- **2023-2024 оқу жылында** Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатты негізге алынды. 2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №595 бұйрығына сәйкес педагогикалық кеңестің шешімімен жалпы орта білім берудің негізгі үлгілік оқу жоспарлары таңдалып, 1-11 сыныптар толық жаңартылған білім мазмұнында және оқыту тілдеріне сәйкес білім алады.

Жаңа 2023-2024 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру кезінде оқу-тәрбие процесін жүргізуде басшылыққа алынған нормативтік құжаттар:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы); және өзгерістерімен ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 № 264 бұйрықтары.

-«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығы);

- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 291 бұйрығы

1) мектепалды даярлық топтарында:

- «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына; (2018 жылғы 10 қазандағы № 556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырады.

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (ҚР Білім және ғылым министрінің 26.01.2022 № 25 бұйрығы);

2. Сабақ кестелері аталған соңғы оқу жылдарында мектеп директорымен бекітілген және кәсіподақ ұйымының төрайымымен келісілген. Сабақ кестесін құру талаптары толығымен сақталған. Мектеп бір ауысымда жұмыс жасайды. Мектептің сайтында жарияланған.

1) Кадрлық құрамға талдау

- педагогикалық кадрлармен қамтылу туралы мәлімет;

	Мұғалім саны				Оның ішінде санаты бойынша																		
	Жоғары		%	Орта арнау	Жоғары санат		%	Ісанат		%	ІІсанат		%	Санатсыз		%	Педагог зерттеуші		Педагог сарапшы		Педагог модератор		Педагог шебер
2021-2022	38	37	100	1	2.6	1	2.6	1	2.6	1	2.6	6	15.8	8	21	4	10.5	6	15.8	4			10.5
2022-2023	38	37	100	1	2.6	1	2.6	1	2.6	1	2.6	8	21	8	21	5	13	6	15.8	4			10.5
2023-2024	37	35	100	1	2.8	0	0	2	5.6	0		10	27.8	8	22.2	6	16.7	8	22.2	4			14.4

2023-2024 оқу жылындағы педагог кадрлардың біліктілік санаты туралы мәліметі

Бастауыш 1-4 сыныптардағы біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі						
к/с	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог - модератор	санатсыз	Жалпы
1	1	2	1	-	2	6
	16,7%	33,3 0%	16,7 %	0 %	33,3 %	50 %
Негізгі 5-9 , 10-11-сыныптардағы біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі						
к/с	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог - сарапшы	Педагог - модератор		Жалпы
1	3	6	5	5		31
	9,7 0%	19,4 %	16,1%	16,1%		61,3

Санатсыз- 12 педагог бар .1-санатты -2 педагог

- Әдістемелік ұсынымдар 7-қосымша интернет ресурстарына салынды
- С.Торайғыров атындағы №30 бойынша кадрлар жөніндегі бұйрық кітабы бар, қызметкерлерге шығарылған бұйрық номері тіркеу кітабымен сәйкес келеді. Мектептің педагогикалық қызметкерлерінің жеке құрамын есепке алу кітабы арналған.

1. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру:

- Мұғалімдердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер бар.
- Мұғалімнің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары бар.
- Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруды жүйелеу жұмыстарының жылдық жоспары түзілген.
- Мұғалім жұмысы ақпараты туралы құжаттар бар, жинақталған.

Мектепте мұғалімдер кәсіптілігінің қалыптасуына, шығармашылық деңгейлерінің өсуіне, білімдерін жетілдіруіне, жаңашылдыққа ұмтылуына ықпал етуі бағытында үздіксіз жұмыстар жүргізіліп отырды. Курстар жүйесі арқылы біліктілікті арттыру мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіру кафедра жетекшілерімен мектеп әкімшілігі жұмысының маңызды бағыты болып табылады. Осыған орай мектеп әкімшілігі тарапынан мұғалімдердің білімдерін жетілдіріп және санат дәрежелері деңгейлерін көтеріп отыруларына көп көңіл бөлінді.

- Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер интернет ресурстарына салынды.
- Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер интернет ресурстарына салынды.
- Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру мәліметтер интернет ресурстарына салынды.
- Пән бірлестіктерінің курстан өту көрсеткіші

Тілдер пәндер бірлестігі				
№	Курс атауы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
1	Пәндік		1	
2	Жаңартылған	1	-	
3	Басқа да курстар	1	-	2
Математика- жаратылыстану пән бірлестігі				
1	Пәндік	2	3	
2	Жаңартылған	2	2	
3	Басқа да курстар	1		0
Тарих пән бірлестігі				
1	Пәндік	2		
2	Жаңартылған			
3	Басқа да курстар	2		
Дене шынықтыру, көркем еңбек және музыка пән бірлестігі				
1	Пәндік	1	1	0
2	Жаңартылған	2	0	0
3	Басқа да курстар	0	0	0
Бастауыш сынып пән бірлестігі				
1	Пәндік	2	1	
2	Жаңартылған		1	
3	Басқа да курстар	2		

- . Талдау нәтижесі:

Педагогтердің штаттық кестесі және тарифтеу тізімі, тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер, мемлекеттік

білім беру ұйымының басшыларын аттестаттау туралы мәлімет, педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру-растау туралы мәліметтер интернет ресурстарға салынды және басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру мәліметтері ҰБДҚ-да.

Қосымша жұмыс жағдайында істейтін педагогтер жоқ

2) Білім алушылар контингенті

- деңгейлер бойынша оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

№	Оқушының аты жөні	Туған күні айы, жылы	Сыныбы	ЖСН	ПМПК қорытынды Хаттама №	Диагнозы	Бағдарлама
1	Нуржан Нұрислам Жандосұлы	14.11.2012	5	121114501375	№ 02\6 04.01.2024 ж	Психикалық дамуының тежелуі. Дискалькулия	Бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы бойынша білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқыту

Сынып комплектісі бойынша саны

-

Сыныптар	2021-2022	2022-2023	2023-2024
МАД	1	1	1
1	1	1	1
2	2	1	1
3	1	2	1
4	2	1	2
5	2	2	1
6	1	2	2
7	2	1	2
8	2	2	1
9	1	1	1
10	1	1	1
11	1	1	1
Барлығы	16/1	15/1	14/1

- білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;

Қ/с	Оқужылдары	Оқу жылының басындағы сандық көрсеткіш	Оқу жылының аяғындағы сандық көрсеткіш
1	2021-2022	215	208
2	2022-2023	218	206
3	2023-2024	186	184

Әдістемелік ұсынымдар 8-қосымша интернет ресурстарына салынды

Білім алушылар контингентінің құрылымы
«С.Торайғыров атындағы №30 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылы

№	контингенттің құрылымы	бастауыш мектеп		негізгі мектеп		орта мектеп		мектеп бойынша барлық контингент	
		жалпы сынып саны	Оқушы лар саны	жалпы сынып саны	Оқушы лар саны	жалпы сынып саны	Оқушы лар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
	жалпы білім беретін сыныптар	5	57	7	102	2	28	14	199

Білім беру ұйымының басшысы : _____ А.Ақназаров

3) Оқу әдістемелік жұмыс

- Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі бойынша интернет ресурстарына жарияланды.

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру бойынша интернет ресурстарына жарияланды.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

\

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.

10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (*сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.*) және ұлттық құндылықтар – (*тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр*) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

2. Рухани-танымдық тәрбие;

3. Ұлттық тәрбие;

4. Отбасылық тәрбие;

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

2021-2022 оқу жылына арналған : «Рухани жаңғыру» бағдармасы аясында халық дәстүрлерін дәріптей отырып , жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру» тақырыбындағы жылдық жоспар түзіліп, бекітілді.

Мақсаты: Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматты қалыптастыру.

«Білімді ұрпақ-жарқын болашақ» «Қазақстанның киелі жерлері» өлкетану экспедициялары

«Өзіңнен баста» флешмобы

«Біз адал еңбекті қолдаймыз!» акциясы

«Айбын» әскери-патриоттық жиынын өткізу

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»

Президент күніне арналған іс-шаралар: тәрбие сағаты, шығарма, мәнерлеп оқу байқауы, кинофильм көру. Ұжымдық шаралар /Бөлек жоспар/ «Құқықтық

сауаттылық-заман талабы» акциясы /бөлек жоспар/, «9 желтоқсан Сыбайлас жемқорлықпен халықаралық күрес күні» /бөлек жоспары/, ҚР Тәуелсіздік күніне арналған шаралар "Қазақстанның мәңгілік жері – Ұлы Дала Елі!" ұжымдық шаралар /бөлек жоспар/, "Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында" /Ауған соғысы жауынгерлері туралы/, Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған "Патриот" айлығы /бөлек жоспар/, Қоғамдық тәртіптің негіздері» атты тақырыбында дискусиялық практикумы, «Қазақстан - құқықтық мемлекет» атты айлығы, «Шынайы және сатылмайтын еңбек» тақырыбы төңірегінде оқушылар арасында суреттер жарысы, «Мемлекеттік қызметті алу» атты іскерлік ойыны, «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар картасы» жобалар конкурсын ұйымдастыру «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» онкүндігі /бөлек жоспар/, «Жас полиция» тобының жұмысы /бөлек жоспар/ жасалып бекітілді.

1.Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие композицияларды ұйымдастыру

"Мейірімділік-адамның барлық адамгершілік ниетінің негізі", адамгершілік-рухани мазмұнның тесті мен әңгімелері, "Махаббат-адам өмірінің негізі", "Мейірімділіктің жасампаз күші» «Мейірімділік жүректен» қайырымдылық айлығы«Мейірбандық күндер» айлық /бөлек жоспар/«Қыздар онкүндігі»/бөлек жоспар/«Зорлық –зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық ақпараттық науқан /бөлек жоспар/«Қамқорлық» /бөлек жоспар/ Акциясы Ұлдар мен қыздар клубтарының жұмысы /бөлек жоспар/«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» акциясы /бөлек жоспар/1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Нұрлы болашақ акциясы«Қазақстан – мейірімділік мекені» бастамасы /бөлек жоспар

2. Бағыты: рухани-танымдық тәрбие

Мақсаты: "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәст«Мектепке жол» қамқорлық акциясы үрлерімен келісіледі.

«Ұстаз деген жарқын күні ғаламның » апталығы Қарттар күніне арналған тәрбие сағаттар, дөңгелек үстелдер, байқаулар ұйымдастыру "Қазақстанның ұлы ақындары мен жазушылары", "адамзаттың ұлы мұғалімдері", "Қазақстанның ұлы ойшылдары мен философтары" әдеби-музыкалық

3.Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет «Тіл мәртебесі-ел мерейі» 22 қыркүйек ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесіне арналған шаралар онкүндік /бөлек жоспар/ Аналар, әкелер мектебінің жұмысын ұйымдастыру /бөлек жоспар/Оқушылардың қазақ тілін, мемлекеттілік атрибуттарын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін білуге арналған дөңгелек үстел, тәрбие сағаттарын өткізу, «Қазақстан Республикасы рәміздерінің үздік қолданылуы және насихатталуы»

байқауы «Өз жерінді таны» туған өлкенің тарихын зерттеу, «Ұлыстың Ұлы күні- Наурыз!» онкүндігі /бөлек жоспар/ жасалып жұмыстар жүргізілді.

4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Сыныптың әлеуметтік портреті Карта толтыру Отбасы күніне арналған республикалық апталық "Отбасы-бақыт мекені" / бөлек жоспар/

Өзара қарым-қатынас, отбасы тәрбиесі ерекшелігі, ондағы эмоционалдық атмосфера мен тұрмыс жағдайын анықтау мақсатындағы оқушылар үйлеріне рейд

Ата-аналар комитетінің жұмысы /бөлек жоспар/

